

1996 жылғы құрғақшылықтан зиян шеккен Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының ауыл шаруашылығы тауарларының өндірушілеріне жәрдемдесу шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 5 қыркүйек N 1089

Биылғы жылғы құрғақшылықтың салдарынан Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының көптеген шаруашылықтарында төтенше жағдай туды. Келеңсіз зардаптарды жою және құрғақшылықтан зиян шеккен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге жәрдем көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ауыл шаруашылығы қаржылық қолдаудың мемлекеттік қоры құрғақшылықтан едәуір зиян шеккен Ақтөбе облысының Байғанин және Шалқар аудандарының, Батыс Қазақстан облысының Тайпақ, Жалпақтал, Жәнібек, Казталов және Жаңақала аудандарының шаруашылықтарына мал қыстатуға дайындық және мал қыстату жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды өткізуге тиісінше 40 (қырық) және 60 (алпыс) млн. теңгені шығыстардың жалпы сметасының есебінен қайтарусыз бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі үстіміздегі жылдың 20 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне операциялық шығыстар жөніндегі берешекті өтеуге республикалық бюджетте 1996 жылға аталған мақсаттар үшін көзделген қаражат шегінде қаржы бөлсін.

Қазақстан республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі осы қаражаттың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне уақтылы жетуін және оның мақсатқа сай пайдалануын қамтамасыз етсін.

3. Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қорының Республикалық ведомствоаралық кеңесі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қордың республикалық бюджеттен түсетін қаражатын бөлген кезде олардың бірінші кезекте Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге жіберілуін көздесін. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы мақсат үшін қажетті қаржы қаражатын бөлсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының өкімдерімен бірлесіп 1996 жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі мерзімде аталған облыстардың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне кредиттік ресурстар беру мүмкіндіктері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Искров топтық су құбырының Орда ауданының "Құрманғазы" кооперативіне дейінгі бөлігінің (15 км) құрылысын аяқтау мен оны пайдалануға беруді 1997 жылдың инвестициялық бағдарламасына енгізу мүмкіндігін қарастырсын.

6. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы:

мемресурстардан Ақтөбе облысының шаруашылықтарына 17,4 мың тонна және Батыс Қазақстан облысының шаруашылықтарына 21,2 мың тонна дәнді дақылдар тұқымын несиеге бөлсін;

мемресурстардан Ақтөбе облысының мал шаруашылығын қолдауға 30.0 мың тонна жемдік астық, оның ішінде 20.0 мың тоннасын несиеге және 10.0 мың тоннасын ақыға, Батыс Қазақстан облысына 50 мың тонна жемдік астықты несиеге босатсын.

7. Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдері:

астық жинауды, жемшөп дайындауды қамтамасыз ету жөнінде қосымша шаралар қабылдасын, 1995-1996 жылдарда алынған вексельдер мен несиелер бойынша астықпен есеп айырысу үшін ішкі резервтерді барынша жұмылдырсын, қысқы кезеңде селоларда мектептердің, ауруханалардың және басқа да әлеуметтік-мәдени тұрмыс объектілерінің жұмыс істеуіне ерекше көңіл бөлсін, шалғайдағы аудандар халқының азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз етілуін жеке бақылауына алсын;

бөлінген астық ресурстарының тиімді пайдаланылуын, 1995-1996 жылдардың вексельдері бойынша астықпен есеп айырысуды қамтамасыз етсін, сондай-ақ 1997 жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мерзімде барлық астық несиесінің берешегін өтесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі